

"Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы және "

Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерге қойылатын сертификаттау талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 384 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 900 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 30 шілдедегі № 576 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 1 тамызда № 19177 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 5 мамырдағы № 272 бұйрығымен

Ескеरту. Күші жойылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 05.05.2020 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

З Қ А И - н ы ң е ск е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы және "Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерге қойылатын сертификаттау талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 384 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 900 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18019 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық

актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 4 қантарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

1-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жалпы ережелер";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.>";

2-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) "Азаматтық авиация субъектілерінің қаржылық-экономикалық жағдайы туралы ұсынылатын ақпараттың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 16 қыркүйектегі № 718 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8747 болып тіркелген) ұсынылатын нысан бойынша соңғы жылғы қаржылық-экономикалық жағдайы туралы ақпарат;

3) сақтандырудың міндетті түрлері туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талабына сәйкес сақтандыру міндеттемелері бойынша мәліметтер;

4) персоналдың техникалық оқу және біліктілігін арттыру курсарын жоспарлау, өткізуі растайтын құжаттама;

5) ұшу қауіпсіздігін басқару бойынша бекітілген нұсқау (егер шарттық негізде ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі ұқсас қызмет көрсету түрін ұсынатын басқа аэронавигациялық қызметті берушінің бақылауында болса – шарттың қосымшасымен осындай қызмет көрсетушінің ұшу қауіпсіздігін басқару бойынша бекітілген нұсқауы);

6) сертификаттауды жүргізгені үшін мемлекеттік алымды төлеу фактісін растайтын құжат (құжатты қабылдаған кезде мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттың көшірмелерін салыстырып тексереді, содан кейін түпнұсқаны көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады);

7) диспетчердің, оператордың жұмыс технологияларының көшірмелері (сертификаттауга өтініш берген әрбір бөлімше үшін);

8) соңғы жылдағы әуе трассаларындағы (жауапкершілік ауданында) ұшу қозғалысының қарқындылығы және әуе қозғалысына қызмет көрсету (бұдан әрі – ЕҚҚ) секторларының (аймақтарының) өткізу қабілеті туралы анықтама;

9) радиотехникалық жабдықтарды және радиобайланысты пайдалану қызметіне бекітілген ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету (бұдан әрі – ҰРТҚ) және байланыс жабдықтарының (құралдарының) жиынтық тізбесі;

10) ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету тәртібін айқындайтын құжаттар:

ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервтеу жөніндегі бекітілген нұсқаулықтар тізбесі;

ҰРТҚ және байланыс құралдарына жай-қүйі бойынша қызмет көрсетілетін құралдардан басқа техникалық қызмет көрсету және жөндеу кестесі;

ҰРТҚ және байланыс құралдарына жерусті тексеру жүргізу туралы ақпарат;

ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу кезінде тексеру жүргізу туралы ақпарат;

ҰРТҚ және байланыс құралдарының "Азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдышы нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 381 бүйріғымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12303 болып тіркелген) азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдышы нормаларына сәйкестігі туралы ақпарат;

11) аэронавигациялық ақпаратты басқару қызметі (бұдан әрі – ААБ қызметі) персоналдының жұмыс тәртібін айқындайтын құжаттар:

бекітілген лауазымдық нұсқаулықтар;

шығыс аэронавигациялық ақпарат берушілердің қолданыстағы тізбесі;

ААБ қызметінің бекітілген құрылымы;

12) метеорологиялық жабдықтың құрамы мен орналастыру схемасы;

13) әуеайлақта ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық ;

14) метеорологиялық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын персоналдың бекітілген үлгілік лауазымдық нұсқаулықтары;

15) авиациялық метеорологиялық персоналдың құзыреттілігіне бағалау жүргізуді растайтын құжаттар:

құзыреттілікке бағалау жүргізудің бекітілген әдістемесі;

соңғы жүргізілген құзыреттілікті бағалау жөніндегі анықтама;

16) Халықаралық стандарттау ұйымының (ИСО) 9000 сериялы сапа менеджменті жүйесінің сертификаты;

17) іздестіру және құтқару жөніндегі үйлестіру орталығы персоналдың жұмыс тәртібін айқындастырып құжаттар:

бекітілген лауазымдық нұсқаулықтар;
бекітілген жұмыс технологиясы.

Аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші сертификатта бұрын көрсетілмеген жаңа аэронавигациялық қызмет көрсету түрлерін (кіші түрлерін) жүзеге асыру үшін өтініш беруші мемлекеттік корпорация арқылы осы стандартқа 2-қосымшаның нысаны бойынша өтініш пен осы тармаққа сәйкес мәлімделген аэронавигациялық қызмет көрсету түрлеріне (кіші түрлеріне) қатысты бөлігінде осы тармаққа сәйкес мәлімделген аэронавигациялық қызмет көрсету түрлеріне (кіші түрлеріне) қатысты бөлігінде осы тармаққа сәйкес құжаттарды жолдайды."

3-тaraудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдары мен Мемлекеттік корпорация және оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі";

11- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, не 010000, Нұр – Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 32/1, телефон: 8 (7172) 75-48-41, 75-45-89 мекенжайы бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы пошта бойынша жазбаша нысанда немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы қолма қол беріледі.

Жеке тұлғаның шағымында тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), пошталық мекенжайы, байланыс телефоны көрсетіледі.

Шағымның қабылдануын растау шағымды қабылдаған тұлғаның тегін және аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Портал арқылы жүргіну кезінде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны бойынша алуға болады.

Портал арқылы шағым жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өндеу барысында жаңарып

отыратын жүгіну туралы ақпарат қол жетімді болады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілетін қызметті берушінің атына түсken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы оны тіrkеген күnnен бастап бес жұмыс күnі ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау туралы дәлелді жауап пошта бойынша "электронды үкіметтің" веб-порталы арқылы көрсетіletіn қызметті алушыға жолданады немесе көрсетіletіn қызметті берушінің кеңесіне қолма қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетіletіn қызметті алушы мемлекеттік көрсетіletіn қызметтің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына түsken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы оны тіrkеген күnnен бастап он бес жұмыс күnі ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік көрсетіletіn қызметтің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына түsken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы оны тіrkеген күnnен бастап он бес жұмыс күnі ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетіletіn қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Мемлекеттік корпорациясының басшысына жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияға қолмақол, сонымен бірге пошта арқылы келіp түsken шағымның қабылданғанын растау оның тіrkелуі (мертабан, кіrіc нөmіrі жәne тіrkeu күnі шағымның екінші данасына немесе шағымның ілеспе хатына қойылады) болып табылады.

Портал арқылы өтіnіш біldіргенде шағымдану тәrtіbі туралы ақпаратты Біrыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны бойынша алуға болады.

Портал арқылы өtіnіштерді жолдау кезінде көrсетіletіn қызметті алушының "жеке кабинетінен" көrсетіletіn қызметті беруші тарапынан шығымдарды өндөу барысында (жеткізу, тіrkeu, орындау туралы белгі, қарастыру немесе қарастырудан бас тарту туралы жауап) жаңартылатын өtіnіш жөnіндегі ақпарат қолжетімді.";

4-тaraудың атавы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті көrсету ерекшеліктері есепке алынған өзге де талаптар";

15 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Мемлекеттік қызметті көrсету тәrtіbі туралы ақпаратты Министрліктің www.miid.gov.kz интернет-ресурсында көrсетілген, көrсетіletіn қызметті берушінің телефондары бойынша немесе Министрліктің 8 (7172) 75-48-41, 75-45-89 телефондары бойынша алуға болады.".

2. Қазақстан Республикасы Индустрія жәne инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрі*

P. Склляр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
2019 жылғы " "

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК